

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы  
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының  
60 жас мерейтойына арналған

## «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік  
семинар (дөңгелек үстел-диалог)

### МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

11 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**Л.Н ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы  
**Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған**  
**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ**  
**ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»**  
атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог)  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ**  
республиканского научно-методического семинара (круглый стол-диалог)  
**«МЕТОДИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ**  
**КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,**  
посвящённого 60-летнему юбилею литературоведа-учёного,  
квалифицированного педагога, преподавателя-методиста  
**Байтанасовой Карлығаш Медетовны**

**PROCEEDINGS**  
of the Republican Scientific and Methodological Seminar (Roundtable Discussion–Dialogue)  
**“METHODICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF**  
**KAZAKH LITERATURE”**  
dedicated to the 60<sup>th</sup> anniversary of literary scientist, distinguished educator and  
educational methodologist **Baitanasova Karlygash Medetovna**

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**ББК 83.3 (5Қаз)**

**Қ17**

**Жалпы редакциясын басқарған:** ф.ғ.к. Бейсенбай А.Б.

**Редакция алқасы:** С.М. Дүйсенғазы, Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова,  
Г.С. Сағынадин, С.А. Сарсембаева.

**«Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері»** атты әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары. 11 ақпан 2026 ж./ Жалпы редакциясын басқарған: Бейсенбай А.Б.– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 223 бет.

**ISBN 978-601-385-179-2**

Жинаққа әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге арналған.

**ISBN 978-601-385-179-2**

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**ББК 83.3 (5Қаз)**

## МАЗМҰНЫ

<i>Құттықтаулар</i> .....	5
---------------------------	---

### ӘДЕБИЕТТАНУ САРБАЗЫ, ӘДІСТЕМЕ ШЕБЕРІ

<i>Тұрысбек Р.С.</i> Ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова зерттеулеріндегі С.Мұқанов мұрасы.....	14
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Қарлығаш Байтанасова – ғалым, ұстаз.....	21
<i>Оразбек М.С.</i> Зерделі зерттеуші.....	23
<i>Айтуғанова С.Ш.</i> Ғалым. Әдіскер.Ұстаз.....	28
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.....	32
<i>Сағынадин Г.С.</i> Фольклоризм феномені және Қ.Байтанасова зерттеуіндегі фольклорлық дәстүр туралы.....	33
<i>Сердалина С.Қ.</i> Әдіскер-ғалым Қ. Байтанасованың зерттеулеріндегі әдебиетті жоғары мектепте оқытудың кейбір мәселелері.....	37
<i>Алимбаев А.Е.</i> Зерделі ғалымның әдебиеттегі әлемі.....	40
<i>Аманғазықызы М.</i> Жаңа сипатты зерттеу.....	42
<i>Бәшіров Н.Қ.</i> Сөзге адалдық, ғылымға жауапкершілік.....	45
<i>Қасен А.Т.</i> Ғылымға қызмет еткен ұстаз.....	47

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ: ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

<i>Жұмагұл С.Б.</i> Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ әдебиетін оқытудағы кейбір түйткілдер хақында.....	50
<i>Қасенов С.Т., Мукашева М.К.</i> Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жазылым дағдысын дамытудың жолдары.....	54
<i>Қапантайқызы Ш.</i> Әдебиетші ұстаз Қ.Бітібаева еңбектерінің құндылық бағдары.....	58
<i>Шапауов Ә. Қ., Қадыров Ж.Т., Есбатырова Ж.З.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру.....	67
<i>Қылышбаева К.А.</i> Қазақ тілін меңгертудегі көркем шығарманың рөлі.....	72
<i>Шоқай М.Т.</i> Жаңғыртылған Блум таксономиясы: прозалық туындыны оқыту мен талдаудың тиімді жолдары.....	78
<i>Жорашова А.М.</i> Көркем мәтіндегі автор категориясын оқытудың тиімді жолдары (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде).....	84
<i>Ғалымжанова З.Т.</i> Жоғары оқу орындарында Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын оқыту әдістері.....	93
<i>Ильясова Г.Ж.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда мақал-мәтелдер арқылы кейіпкер мінезін интерпретациялау.....	98
<i>Алыбаева А.У.</i> Читательская грамотность – базовый компонент функциональной грамотности.....	103
<i>Атекеева А.Е.</i> Әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістері.....	107
<i>Аяпбергенова К.С.</i> Развитие педагогической науки: традиции и перспективы.....	111

<i>Байдаулетова З.М.</i> Жасанды интеллект заманындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	117
<i>Ермаганбетова А.Ж.</i> Сюжеттік мәтіндерді оқытуда Storytelling: әлеуметтік жобаларды интеграциялау тәжірибесі.....	120
<i>Жумагулова Ж.Д.</i> Жаһандану жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілік моделін қалыптастыруда Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасының маңыздылығы.....	125
<i>Кабдулова А.Т.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	128
<i>Серикова Ш.Ж.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемесі.....	132
<i>Утибаева М.Б.</i> Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін жаңғыртудағы жасанды интеллект технологияларының рөлі.....	134
<i>Ибрагимова Г.П.</i> Көркем шығармадағы сөздердің тілтанымдық мәнін оқыту (М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша).....	138
<i>Карагожина М.М.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	140
<i>Мырзахметова Ж.Д.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	143
<i>Нұрмахан А. Ә.</i> Әдебиетті оқыту әдіснамасы: проблемалық жағдаяттарды қолдану.....	145
<i>Сенбиева Н.К.</i> Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту жолдары.....	152
<i>Шагирова Д.Р.</i> Әдебиет пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері.....	157
<i>Мұса А.С.</i> Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер.....	160

## **ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ**

<i>Негимов С.Н.</i> Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ.....	167
<i>Мукажанова Л.Г.</i> Культурологические связи русской и казахско поэзии: переводческие аспекты.....	178
<i>Кемеңгер Қ.Р.</i> «Алаш» сөзі: ментальдық-рәміздік негізі.....	189
<i>Бактығалиева Э.С.</i> «Құлагер» поэмасы және ұлттық код: тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі.....	194
<i>Құлишар Б.М.</i> Балалар әдебиетіндегі күлкі поэтикасы: мазақтама мен мөлтек мысалдың тәрбиелік қызметі.....	198
<i>Бағзат Е.</i> Жүсіпбек Аймауытұлы әңгімелеріндегі баяндау жүйесі мен көркемдік кеңістік.....	203
<i>Әбдірасұл Ж.Т.</i> Абай поэзиясындағы «адам» ұғымының берілу сипаты..	208
<i>Сыдық З.С.</i> Қазақ және моңғол демонологиясының ортақ қабаты және діни трансформациясы.....	213
<i>Әлімбаев А.Е.</i> Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары.....	219
<i>Аренова Ж.</i> Фариза - ұлт поэзиясының жыршысы.....	222

**Сағымбай Жұмағұл**

филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры

## **ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕ ҚЫСЫМЫНДА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ KEЙБІР ТҮЙТКІЛДЕР ХАҚЫНДА**

*Мақала ЖТН BR28713085 «XX-XXI ғасырдың алғашқы ширегіндегі зияткерлік тарихты қазақ тарихшылары мен әдебиетшілерінің еңбектері арқылы кешенді пәнаралық зерттеу» жобасы аясында дайындалды.*

Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда түрлі идеологиялық қысым болғаны тарихтан мәлім. Ұлт әдебиетінің тарихи бастауларын сөз өнерінің тарихи сабақтастық қағидаттарына сай зерттеу, оқыту түрлі шырғалаңдардан өтті. Жоғарғы оқу орындарына 1965 жылы енгізілген қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін оқытуды барынша жүйелеу бағытындағы игі қадамдар үлкен қиындықтармен жүзеге асты. Қазақ ғалымдарының әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесіндегі ғылыми ұстанымдарынан өрбіген көзқарас қайшылығы бұл тұста кемел іске өзінің кереғар әсерін тигізді. Осы өзекті тақырып дәуірлеу мәселесі тұрғысынан алғаш XX ғасырдың 40-жылдары Б.Кенжебаев тарапынан көтеріліп, кейінгі проблемалық мақалаларында өз желісін үзбеген болатын.

Сол кезде Одақ көлемінде қабылданған «Жалпы білім беретін мектептердің жұмысын одан әрі жақсарту шаралары туралы» қаулысына сәйкес оқу бағдарламалары мен оқулықтар жасау ісін кезең талабына орай жандандыру зәрулігі де туған-ды. Міне, М.Қараев, Ғ.Қонысбековтың «Мектеп. Әдебиет. Программа» атты проблемалық мақаласында 8-сыныптың қазақ әдебиеті оқулығына жасалған бағдарлама жобасындағы (1966) әдебиет тарихын ХҮІІІ ғасырмен шектеудегі қисынсыздықтар: «Сонау X-XI ғасырларда өмір сүрген ұлы жазушы, ғұламаларды сөз етпегеннің өзінде ХҮ ғасырдан беріде аттары әйгілі болған Асан Қайғы, Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбет, Жиёмбет, Марғасқа сияқты ақындар мен жыраулар туралы бүгінгі оқушылар білуге тиіс» («Қ.Ә».1967.31.ІІІ) деп дұрыс көрсетілді.

Түркі тектес республикалар әдебиетінің орта мектеп бағдарламаларында ХІ-ХІІІ ғасырлардағы ежелгі әдебиет үлгілерінен арнаулы тақырыптар ұсынылып жүргенін орынды ескертіп, әдебиет пәнін оқытудың түйінді мәселелеріне принциптілікпен келген авторлар: «ХҮІІ ғасырдың екінші жартысына дейінгі ақын-жыраулар шығармасын қазақ әдебиетінің мектептік курсына енгізуге (қысқа шолу түрінде болса да) батыл қадам жасау керек. Мұның өзі әдебиетіміздің тарихы арыдан басталатынына, Бұхар жырау мен Махамбет өнері аспаннан түспей, ақындық дәстүрдің арыдан жалғасып жатқандығына оқушылардың көзін жеткізеді» деген ұсыныстарымен әдебиет тарихын жүйелі әрі кешенді оқыту қажеттігіне әдебиетшілер назарын аудартты.

Қазақ әдебиеті пәнінің тарихын терең де жүйелі оқыту сапасын арттыру талабынан туған осындай өткір ойлар Р.Бердібаевтың «Әдебиет оқулықтары

туралы ойлар» («Қазақ әдебиеті».1969.27.XII), Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиет пәні ғылыми негізді өтілсін» («Қазақстан мектебі».1970.1.X), «Қазақ әдебиетін оқытуды жақсарту туралы бірер сөз («Лениншіл жас».1976.23.X)», М.Қараевтың «Оқулықтар мен программалар» («Қ.Ә».1975.24.I), Ж.Сомжүрековтің «Опық жегізген оқулықтар» («Қ.Ә».1975.7.II), Қ.Мырзағалиевтің «Оқулық орайында» («Қ.Ә».1975.14.III), М.Қожықовтың «Жаңа оқулықтар қажет» («Қ.Ә».1980.19.XII), Ә.Оспанұлының «Ертедегі қазақ әдебиеті» оқулығы қандай болу керек?» («Қ.Ә».1984.23.XI), мақалаларында көтерілді. Мәселен, Р.Бердібаев «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір кезеңдері (Орта Азия халықтарымен ортақ мұра, ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақтың төл әдебиеті) оқулықтардан орын алмай келеді. Ең алдымен, жақсырақ зерттелді деген ХҮІІІ-ХІХ-ХХ ғасырлар әдебиетінің де қаншама ірі өкілі, көрнекті шығармалары атаусыз, ескерусіз қалып жүргенін ескеру қажет» (1) деп жазды. Алайда ұлт әдебиетінің тарихын көне дәуірлерден бастап оқыту мәселесі өткір көтерілген аталған проблемалық мақалалардағы сын ескерпелер мен ұсыныстар қазақ әдебиетінің тарихын ХҮІІІ ғасырдан бастаумен ғана шектелген мектеп оқулықтарының авторлары тарапынан ескерусіз қалып отырды.

Шындығында қазақ әдебиетінің тарихи бастауын, қалыптасу жолдарын орта мектептер мен жоғары оқу орындарында оқыту аралығында үлкен алшақтықтар бар болатын. М.Қожықовтың мақаласында атап көрсетілгендей «Біз жеті-сегіз жылдан бері институттарда жазба әдебиетімізді ХҮ ғасырдан басталады деп оқытсақ, күні бүгінге дейін мектептерде оның бастаушысы Бұқар жырау, ХҮІІІ ғасыр деп үйретеді». Автордың білім негізін орта мектептерден алатын оқушыларға соны ескеріп шолу ретінде болса да ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ жыраулары, оған дейінгі түркі халықтарының жазба әдеби мұралары туралы қысқа да болса мағлұмат бергеніміз мақұл деген принципті ұсынысы да жоғарыда аталған олқылықтардан арылту мақсатын көздеді. Осы мәселеге орай өзбек әдебиетінің тарихын көне түркі дәуірінен бастап оқытудағы үлгісін мысалға келтіріп, «Өзбек әдебиетінің» 8 класқа арналып шығарылған оқулықтарында Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари мұрасына арнайы тоқталып, әл-Хорезми, Әбу Әли Ибн Сина, Әбу Райхан Берунилермен қатар Әбунасыр әл-Фарабимен де таныстырып өтетінін жазады (2). Ал, Ә.Оспанұлы мақаласындағы «Біздің пайымдауымызша, болашақта жазылатын (яғни, жазылуға тиісті) ертедегі қазақ әдебиеті оқулығы уақыт жағынан алғанда біздің жыл санауымыздан бұрынғы ҮІІІ ғасырдан бастап, біздің жыл санауымыздың ХІҮ ғасырына дейінгі көне түркі тілінде жасалған әдебиет нұсқаларын түгел қамти отырып, жаңа түркі тілінде жазылған көркем әдебиет шығармаларының қарлығаштары болып табылатын Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметін», Сүлеймен Бақырғанидің «Бақырғанын», Ахмет Хорезмидің «Мұхаббат-намасын», т.б. шығармаларды қарастыратын болулары қажет» және де «Сонда халқымыздың азаматтық тарихындағы сақ-скиф заманында (біздің жыл санауымыздан бұрынғы ҮІІІ ғасырдан біздің жыл санауымыздың ІҮ ғасырына дейінгі аралық), ерте орта ғасырлардағы түркі тайпаларының мемлекеттері дәуірлеп тұрған тұста және монғол шапқыншылығы кезеңінде жасалған әдеби мұралар қамтылатын болуы қажет ол оқулықта. «Ертедегі қазақ әдебиеті» деген

атау құрылымы осындай оқулыққа ғана сай келмек» (3) деген ұсыныс сипатындағы өзекті толғамы тек тәуелсіздік кезеңінен кейін ғана қазақ әдебиеттану ғылымында бір жүйеге келтірілген болатын.

Әдеби мұра түркі тектес халықтарға ортақ қазына болғанымен, Қазақстанда мектеп бағдарламасына енгізілуі тек соңғы жылдары ғана жүзеге асқанын мойындауымыз керек. Өзбекстанда бұл мәселе ертеректе қолға алынғанын да мәлім. Н.Келімбетов атап көрсеткеніндей «Ежелгі дәуір әдебиетінің курсы бізде негізінен ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау мұраларын оқытудан басталады. Тек кейбір жоғары оқу орындарында ғана (оқытушы-лектордың мамандығына қарай) ХҮІІІ ғасырдан арғы дәуірдегі ауызша және жазба әдеби мұралар жөнінде студенттерге шолу түрінде қысқаша мәлімет берілетін» (4) деңгейде болатын. Осы тұрғыдан келгенде мектеп оқулықтарын атамағанда жоғары оқу орындары студенттеріне ежелгі дәуір әдебиеті бойынша лекциялар курсына арналған кітапшалар шығару да мейлінше қажет еді. Х.Сүйіншәлиевтің «Орта ғасыр әдеби ескерткіштері» кітапшасы (1975), «ІХ-ХІІ ғасырлардағы әдебиет ескерткіштері» (1977) лекциялар курсында көне әдебиет үлгілерінен «Қорқыт ата», «Оғызнама», «Қожа Ахмет Яссауи хикметтері», «Хакім ата», «Рабғузи», «Мұхаббат-нама» тақырыптары қамтылып осы арнада атқарылатын келелі істердің дұрыс бағытта өрістеу үстінде екенін дәлелдеп берді (5). Ал Р.Бердібаевтың «Ғасырлар толғауы» кітабының «Ежелгі жазба мұралар» тарауында әл-Фараби, Ахмет Игүнекидің «Құтадғу білік», Махмұд Қашқаридың «Диван лұғат ат-түрік», Қожа Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани, Дүрбек, Құтыб, Сайф Сарай, Рабғузи, Жалаири, Дулати, Әбілғазы шежіресін қарастырылды (6,26-48).

Бұл ретте «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» әдебиет пен өнер мейлінше дәріптеліп, идеологиялық жұмыстың басты үгіт-насихатына үнемі алынып отырғанын назардан тыс қалдыра алмаймыз. Мысалы, КСРО құрылуының 50 жылдығына әзірлену туралы СОКП ОК қаулысында социалистік ұлттардың қалыптасқаны, кеңес халқының әлеуметтік және идеялық-саяси бірлігі орныққаны көрсетілді: «халықтардың мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениеті гүлденіп, көркейді. Совет Одағының барлық социалистік ұлттар мен халықтары тілдерінің жан-жақты дамуы - елімізде ұлт мәселесін ойдағыдай шешудің маңызды нәтижесі. Бұрын өзінің жазуы болмаған 40-тан астам халық совет дәуірінде ғылыми тұрғыдан талдап жасалған өз жазуына ие болды және қазір олардың дамыған әдеби тілдері бар» («Қ.Ә».1972.25.ІІ).

Аталмыш қаулыда ұлттар достығы, тұтас кеңес мәдениеті барынша насихатталып, партияның кіші халықтарға жасаған қамқорлығы деп көрсетілгенімен іс жүзінде байырғы орыстандыру саясаты жүргізіле берді. «1959-1960 жылдары тың өлкесінде 520 қазақ тілінде оқитын бастауыш мектебі болса, 1965-1966 оқу жылында 360 қазақ тілінде оқитын бастауыш мектеп қалған. Яғни, 160 бастауыш қазақ мектебі жабылған. Осы кезде 127 сегіз жылдық қазақ мектебінен 59 ғана мектеп қалған. 68 қазақ мектебі жойылған. 38 қазақ орта мектебінен 14-ақ мектеп қалған» (7, 40). Одақ республикаларындағы тіл мәселесі тап Қазақстандағыдай қиындыққа тап болмағанымен ұлттық мәдениеттері мүшкіл күй кешті. Осы тұрғыдан келгенде «СССР 50 жыл»

айдарымен «Жұлдыз» журналында (1972.№10) берілген туысқан әдебиет өкілдері пікірлерінен де кеңестік жүйе шеңберіндегі орыстандыруға деген астары қалың наразылықтары айқын аңғарылады. Мәселен, Украин жазушысы В.Коротич тарихи романдардың басты орынға шығу маңызын: «Біздің әрқайсымыз да патриот болуымыз керек. Өткенді, өткендегі жақсы-жамандықты білмейінше нағыз азаматпын деп айту қиын. Біздің атақты ақындарымыздың бірі Сосюра өз халқыңды сүймейінше өзге халықтарды сүю мүмкін емес деді» (8, 180) деп түсіндірсе, өз халқының тарихын түбі бір туысқан қазақтармен байланыста алған алтайлық ақын Б.Бедюров ұлтының азаттықтан айрылған қасіретін танудағы тарихи шығармалар мәнін: «Өткен жылы әдебиетімізге Аржан Адаровтың «Тоныкөк» поэмасы келді. Поэма оқиғасы - ҮІІІ ғасырды - ертедегі түркі халықтарының тарихын қамтиды. Бұл - қағанаттың жойылуы және біздің халықтардың тәуелсіздігінен айрылу дәуірі еді» (8, 185) деген күйінішімен жеткізді. Ал, әзірбайжан жазушысы Айлиси «Әдебиеттегі жолбикелікті аза бойым қаза боп жек көремін. Түркі көркем сөзіне қиянат жасап, сан ғасыр өктем боп келген фарсының жалаң өсиет өлеңдерін ұнатпаймын» (9, 201) (342) деп түркілік ұстанымын білдірсе, литвалық қаламгер А.Беляускас «Литва халқының бұрынғы өміріне көз жіберіп отырсақ, тарихымыздың бетінде қара таңба аз емес... Бір ғана фактіні еске алсам, соның өзі-ақ тұла бойды түршіктіреді. Халқымыздың озбырларға қарсы 1863 жылғы көтерілісі сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, сол жылдан бастап 1904 жылға дейін латын әліппелі литва жазуына тиым салынды, бұл аралықта литва жерінде ана тілімізде бір де бір газет, кітап шығарылмады. Бұдан өткен қиянат болу мүмкін бе?» (9, 211) деген идеологияға бой алдырмаған жан сырымен халқының тарихындағы ақтандаққа үңілдірді. Міне, кешегі тарихта тоқырау деген атпен өз ізін қалдырған 1970 жылдардағы ұлттық сана-сезімдегі бұлқынысты айғақтайтын мысалдар кеңестік жүйе барынша дәріптеген социалистік қоғамдағы коммунистік мұраттардың әлсірей бастағанын көрсетеді. Сондықтан да идеологияның басты тірегі саналған қаламгерлердің тарихи тақырыптағы шығармаларымен ұлт тағдырының өткенін көркемдік санада жаңғыртуындағы қуатты серпінді тежеуге мүдделі болған тоталитаризм оған бар күшін салды.

Алайда орыстандыру мен ұлтсыздандыру саясаты да идеологиялық жұмыстардың басты өзегіне алынып, ұлт рухының алтын мәйегі қазақ тілінің өрісін шектеуге барынша жұмылдырылды. Мәселен, 1984 жылы 27 қарашада Алматыда жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформаларының негізгі бағыттарына сәйкес орыс тілін оқытуды одан әрі жақсарту жөнінде республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Онда орыс тілін оқыту және оқушылардың оны меңгеру дәрежесі өскелең талаптарға әлі де болса барлық жерде бірдей сай еместігі ескертіліп, бұл істегі кемшіліктерді жоюдың жолдары айтылды («Қ.Ә».1984.30.XI). Осы сипаттағы орыстандыру саясатына қазақ қоғамында ашық сипаттағы наразылық өріс алып кетпегенімен зиялы қауым тарапынан ана тілінің мүшкіл жай-күйі алаңдаушылық тудырды. Атап айтқанда, 1984 жылы желтоқсан айында Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыруымен жазушылар үйінде бастауыш және орта мектептерге арналған әдебиет пәні оқулықтарын талқылау өтіп, Т.Сыдықов, Т.Ақшолоқов,

О.Сәрсенбаев, І.Жарылғапов, М.Базарбаев, С.Ақатаев сөз сөйледі. Келелі кеңесте «ұлт тіліндегі бала бақшалар жұмысын дұрыс жолға қоймай, қазақ мектептерінің сандық, сапалық көріністеріне көз жүгіртпей тұрып, әдебиетіміздің болашағын болжау қиын» деп дұрыс көрсетілді («Қ.Ә».1984.7.ХІІ).

Түйіп айтқанда, бір ғана 1970-1980 жылдары қазақ әдебиетін оқытудағы проблемалық мәселелер ұлт тілін сақтау, ұлт әдебиетін оқыту қандай қиындықтармен жүзеге асқанын көрсетеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бердібаев Р. Әдебиет оқулықтары туралы ойлар // Қазақ әдебиеті. 1969. 27. ХІІ.
2. Қожықов М. Жаңа оқулықтар қажет // Қазақ әдебиеті.1980.19.ХІІ.
3. Оспанұлы Ә. «Ертедегі қазақ әдебиеті» оқулығы қандай болу керек? // Қазақ әдебиеті. 1984. 23.ХІ.
4. Келімбетов Н. Жыраулар поэзиясын сөз етсек // Қазақ әдебиеті. 1982.12.ІІІ.
5. Сүйіншәлиев Х. Лекциялар курсы. – Алматы.1977. – 68 б.
6. Бердібаев Р. Ғасырлар толғауы. – Алматы: Жазушы, 1977. -320 б.
7. Шәріпов Ә. Сойқанды жылдар // Жұлдыз.1992.№7. Б.-3-53.
8. СССР 50 жыл // Жұлдыз. 1972.№10. Б.-180-185.
9. СССР 50 жыл // Жұлдыз.1972.№12. Б.-210-211

**МРНТИ: 14.25.07**

**Касенов С.Т<sup>1</sup>, Мукашева М.К<sup>2</sup>**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (E-mail: [saken\\_69@mail.ru](mailto:saken_69@mail.ru))

Өскемен қаласы ДБА Жамбыл атындағы ОММГИ педагог-шебер, Ph доктор<sup>2</sup>  
(E-mail: [mukasheva.m77@mail.ru](mailto:mukasheva.m77@mail.ru))

### **Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ НЕГІЗІНДЕ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

***Аңдатпа.** Мақалада отандық әдіскер ғалым Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясымен жазылым дағдысын жаздырудың тиімді жолдары, әдістемесі сөз етіледі. Жазба жұмысының тұлғаның шығармашылық қабілетін, функционалды сауаттылығын арттырудағы маңызы тәжірибемен ұштастырылған. Жеке тұлғаның өз мүмкіншіліктерін тану, дамыту жолдары, сондай-ақ рухани жан дүниесі бай, өз-өзіне сенімді, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру, білім беру саласында тұлғаның танымдық шығармашылық қабілетін дамытуға назар аударылып отыр.*

***Түйін сөздер:** технология, сөздік қор, жазба жұмысы, тіл мәдениеті, шығармашылық ойлау.*